

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қоғамдағы педагог мәртебесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.03.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/151161/

Педагог ол-ұлылардың ұлысы.Педагог-жас ұрпақтың рухани дүниесінің мүсіншісі.Ұлы тұлғаларды қалыптастырушыда осы педагог.Педагог тек ұстаз,оқытушы немесе белгілі бір пән мұғалімі ғана емес,ол өмір сабағынан дәріс беретін,рухани азықтандырушы.

Педагог болу оңай іс емес.Әрбір баланың бойындағы қасиетті аша білу,әрбір баламен қарым-қатынас құрып,сырласып,тілдесу,көптің қолынан келе бермейтін іс. «Ұстаз жүгі-ауыр жүк» деп айтатындардың сөзі бәлкім рас болар. «Бір әріп үйреткен ұстазыңа,қырық жыл тағзым ет» деген нақыл сөзді басшылыққа ала отырып, «қоғамдағы мәртебе» тіркесін педагог сөзімен ұштастыру оңайға түсетіні сөзсіз.Қазақстанда педагогтердің кәсіби мерекесін 5 қазанда атап өтеді.Бұл дегеніміз ұстаз атты ұлы тұлғаның қоғамдағы мәртебесін айқындағанмен пара-пар.Ұстаздарды жылына бір болатын мерекесімен құттықтау әрбір адамның міндеті.Өйткені,үлкен басшыларда,атақты жұлдыздарда,қарапайым жұмысшыда ұстаз тәрбиесін алған.Жалпы кім болсада,ұстаздың алдында шәкірт болып қала береді ғой.Ұстаз болу төзіділікті қажет ететін,аса қиын мамандық,өйткені ұстаз білім беріп қана қоймайды.Ұстаз баланы болашақ үлкен өмірге дайындап қажетті кеңестермен сусындатады.Ұстаз болу аса ауыр болсада,оқушылармен сыр алмасу,бойындағы ауыртпалықты жеңілдетеді.Кез-келген адамның алғашқы ұстазы немесе сүйікті мұғалімі жайлы сұрайтын болса,езуінде күлкі,көзінде от пайда болып ерекше баяндайтыны сөзсіз.Меніңше бұл қоғамдағы педагог мәртебесі.Шәкірттінің ұстазын ұмыт қылмай,ол туралы жылы естеліктерді есінде сақтау,педагог үшін керемет сезім екені анық.Заман қалай құбылса да,осынау бір ұстаз атта ұлы тұлғаға деген құрмет мәңгі сақталу керек.Бұл ұстаздың қоғам алдындағы мәртебесін көтеруге,ықпалын тигізеді.Негізінен алып қарасақ,ұстаз мәртебесін көтеру-сол ұстаздың өзіне байланысты.Сонау арғы замандағы Әль-Фараби атамыз өзінің білімділігінің,ойының ұшқырлығының арқасында,қазақ елінің алдында ғана мәртебесін көтеріп қана қоймай,бүкіл әлем алдында өз мәртебесін асқақтатты.Қазаргі қоғамда,өзінің шығармашылығы мен біліктілігін дамытып

отыратын, өз жұмысына махаббатпен және қызығушылықпен қарайтын, жоғары білікті, заман тадабына сай ұстаз ғана қоғамда жоғары мәртебеге ие болады. Қиындығы да, қызығы да жетелік бұл мамандық жауапкершілікті аса қатты талап етеді. Ұстазбен қоғам арасындағы, нақтырақ айтатын болсам, ұстазбен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсартуда оңайға түсетін іс емес. Алайда, өз ісің сүйетін маман әрдайым биіктен көрінуге тырысады. Ал сол биікке жету жолыңда кездескен әрбір қиындыққа төтеп беруге барын салады. Ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Ісім онсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз...» деген қанатты сөзі әрбір адамның өмірлік қағидатына айналу тиіс. Әрдайым қандай жолда жүрсеңізде, сол істің көшбасшысы болған жөн деп санаймын. Тек бәсекеге қабілетті, рухы биік жандар ғана топтың алдына шығып, қоғамдағы мәртебеге ие болады. Басқалардың сені жақсы көргенің қаласаң, алдымен өзіңді жақсы көруің тиіс. Дәл сол сияқты басқалардың сен сыйлағаның, құрметтегінің қаласаң, өзіңді сыйлауың, құрметтеуің қажетсің. Егерде өзге жандарға сөзін өтсе, яғни сені тыңдай білсе бұл сенің қоғамдағы беделіңнің артқаны. Меніңше дәл осы педагогтер өзгелерге сөзі өтетін, қоғамдағы мәртебесі жоғары жандар. Педагог-өскелең ұрпақтың бағыт-бағдарын жасаушы, жол көрсетшісі. Бұл жандардың қоғамдағы рөлін асқақтату меніңше әрбір шәкірттің міндеті. Ағартушы педагог Ы. Алтынсариннің алғаш мектеп ашқаның бәріміз білеміз. Қараңғы халықты біліммен сусындату арқылы, аты мәңгіге сақталады. Қалдырған еңбектерінің арқасында қоғамдағы мәртебеге ие болды. Қазіргі таңдада, осындай ағартушы педагогтердің көп болғаның қалаймын. Егерде Ахмет, Ыбырай, Абай аталарымыздай еңбек жазып, жұмыс жасайтын болсақ, аттымыз өшпейді. Қоғамдағы мәртебіміз мәңгі сақталатын болар еді. Осы тұста ұлы Абайдың:

«Ақырып жүріп анық бас,

Еңбегін кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуге балаға», - деген өлең жолдары ойға оралады. Әрбір ұстаз шәкірттің биіктерден көрініп, өмірден өз орнын тауып, бір кірпіш болып қаланып, жетістіктерге жетіп жатаса, «мынау менің шәкіртім» деп мақтанатыны сөзсіз. Жан-жақты білімділікті, шәкіртжандылықты талап ететін мамандық-ұстаздық мамандығы болғандықтан, сол ұстаздарды сыйлайық, құрметтейік.

Қорытындылай келе, еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі мектеп қабырғасында білім алатын жас ұрпаққа байланысты. Сол жас ұрпаққа білім беретін педагогтердің қоғамдағы мәртебесін көтерейік.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.